

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

«ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ
ОРТАЛЫҒЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ



МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И
НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ КАЗЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ
«НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР
ТЕСТИРОВАНИЯ»

**Облыстардың, Нұр-Сұлтан,
Алматы, Шымкент қалаларының
білім басқармалары басшыларына**

**Жоғары оқу орындарының
басшыларына**

**Ұлттық тестілеу орталығы
филиалдарының қызметшілеріне**

*2022 жылғы 10 қаңтар мен 10 ақпан
аралығында өткізілетін
ұлттық бірыңғай тестілеу
қатысушыларының деректер
базасын қалыптастыру бойынша
нұсқаулық хат*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі - Орталық) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және «Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына сәйкес:

1) қалауы бойынша ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде оқуға қабылдану үшін орта білім беру ұйымдарының бітіруші 11 (12) сынып оқушыларына;

2) ЖЖОКБҰ-ға күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылдау үшін ҰБТ нәтижесі бойынша шекті балл алмаған, ҰБТ нәтижелері жойылған, бейінді пәндер комбинациясы сәйкес келмейтін ҰБТ нәтижелері бар тұлғаларды күнтізбелік жылы ақылы негізде одан әрі қабылдау үшін;

3) ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобы бойынша білім алушы және басқа білім беру бағдарламалары тобына ауысуға ниет білдірген тұлғаларға;

4) ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде басқа білім беру бағдарламалары тобы бойынша білім алушы және "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша білім беру бағдарламалары тобына ауысуға ниет білдірген тұлғалар қатыса алады.

1. Оқуға түсуші ҰБТ қатысушыларының деректер базасына (бұдан әрі – ДБ) тіркелу үшін өтінішті 2021 жылғы 24 желтоқсан – 2022 жылғы 5 қаңтар аралығында онлайн түрде Орталықтың сайты арқылы келесі сілтеме бойынша береді: <https://app.testcenter.kz/>.

2. Өтініш беру рәсімі:

1) <https://app.testcenter.kz/> сайтына кіру және интерфейс тілін таңдау;

2) электрондық поштаны көрсете отырып, тіркеуден өту (электрондық поштаға келген хат арқылы міндетті түрде электрондық поштаны растау қажет);

3) алынған логин мен пароль арқылы авторизациядан өту (логин мен пароль бар хатты 2022 жылдың соңына дейін жоюға болмайды);

4) ЖСН көрсету және іздеу батырмасын басу (тегі, аты және әкесінің аты автоматты түрде шығады) және байланыс телефоны нөмірін көрсету (міндетті түрде);

5) «Өтініш беру» бөлімін таңдап, қатысушы санатын көрсету;

6) қажетті тіркеу деректерін толтыру және келесі мәліметтерді таңдау:

- тапсыру тілі;

- бейіндік пәндер комбинациясы;

- тестілеу күні, уақыты және орнымен, ережелермен мұқият танысу;

7) тестілеу үшін қалаған төлем әдісін таңдап, төлем жасау;

8) «Менің іс-әрекетім» бөлімінде төлем жасағаннан кейін, қажет болған жағдайда өтінішке өзгеріс енгізуге мүмкіндік беріледі (тапсыру тілі, бейіндік пәндер комбинациясы).

Ескерту: өтініш бергеннен кейін тестілеу күнін, уақытын және орнын өзгертуге болмайды.

Тестілеу құны – 5640 теңге.

3. Тестілеуге қатысу үшін төлемді келесі тәсілдермен жүзеге асыруға болады:

1) банк картасымен төлеу арқылы онлайн (банк картасымен төлеуді таңдаған кезде бағдарламада автоматты түрде төлем сайты ашылады);

2) Kaspi.kz-пен төлеу арқылы онлайн (Kaspi.kz-пен төлеуді таңдаған кезде тапсырыс нөмірін қалыптастырып, қосымша немесе Kaspi.kz сайты арқылы төлеу қажет);

Ескерту: Төлемді тапсырысты қалыптастырғаннан кейін 1 сағат (60 минут) ішінде жасамаған жағдайда, өтініш жойылады.

4. Төлемді қайтару бойынша:

Түсуші тестілеуге қатысудан бас тартқан жағдайда деректер базасы жабылғанға дейін жеке кабинетінен өзінің өтінішін өшіруі қажет. Бұл жағдайда тестілеу үшін төлем келесі құжаттарды uto@testcenter.kz электронды поштасына:

1) тестілеу үшін төлемді қайтару туралы түсушіден өтінішті;

2) тестілеуге қатысуға арналған төлем туралы түбіртеккі;

- 3) жеке куәліктің көшірмесін;
- 4) төлем картасының көшірмесін;
- 5) банктің реквизиттерін көрсете отырып, 20 таңбалы есепшотын ұсынған кезде қайтарылады.

Сондай-ақ тестілеу үшін төлем өтініштер қабылдау деректер базасы жабылғаннан кейін қайтарылмайды.

5. Тестілеу туралы ақпарат алу:

Өтініш тіркелгеннен кейін тестілеуді тапсыру орны мен уақыты туралы ақпарат тестіленушінің жеке кабинетінде қолжетімді болады. Тестілеу туралы ақпаратпен танысу үшін тестіленушінің өзі жауапты болып табылады.

Тестілеуге дәлелді себепсіз келмеген жағдайда осы мерзімдегі тестілеуге қайта өтініш беру мүмкін емес болып табылады.



***Ескерту:** Тестілеуге кіргізу оқуға түсушінің жеке басын сәйкестендіру үшін адамның бет-әлпетін көлемді-кеңістіктік нысандағы сканер арқылы және тестіленушінің сыртқы келбетін жеке басын растайтын құжатпен салыстыру арқылы жүзеге асырылады. Жеке басын растайтын құжаты жоқ адамдарда білім беру ұйымынан бірінші басшының қолымен және мөрімен расталған анықтама және туу туралы куәлік болуы тиіс. Шетелде білім беру ұйымдарын бітірген және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын адамдардың паспорты болуы тиіс.*

ҰБТ өткізу пункттерінің қызметкерлері, орта білім беру ұйымдарының қызметкерлері және ЖЖОКБҰ қабылдау комиссияларының жауапты хатшылары түсушілерді өтініш беру мерзімдерімен және алгоритмімен таныстырулары қажет.

Өтініштерді қабылдау туралы ұйымдастыру сұрақтары бойынша келесі телефондарға хабарласуға болады: 8-(7172)-695292, 695280, 695096, 695287 (198, 186, 132, 193), бағдарламалық жасақтама бойынша сұрақтармен келесі телефондарға хабарласуға болады: 8-(7172)-695067, 695062, 978185 (108, 136, 121).

Директор

Р. Емелбаев

 *Ж. Айтбаева*
 8-(7172)-695280

Согласовано

27.12.2021 10:53 Полатова Элеонора Муратбековна

27.12.2021 10:57 Баимбетова Курманай Эсхиловна

27.12.2021 11:00 Даненов Медет Бахыткумарович

27.12.2021 11:13 Дидарбекова Наужан Абдисатаровна

27.12.2021 11:16 Алиасхарова Наталья Романовна

Подписано


27.12.2021 18:13 Емелбаев Руслан Тохтарбекович



Данный электронный документ DOC24 ID KZOIGI20211002609367A6920 подписан с использованием электронной цифровой подписи и отправлен посредством информационной системы «Казахстанский центр обмена электронными документами» Doculite.kz.

Для проверки электронного документа перейдите по ссылке: <https://doculite.kz/landing?verify=KZOIGI20211002609367A6920>

Тип документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ 15-10-7-2-3277 от 27.12.2021 г.
Организация/отправитель	РГКП «НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР ТЕСТИРОВАНИЯ» МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Получатель (-и)	ДРУГИЕ
Электронные цифровые подписи документа	 Подписано: Исполняющий обязанности заведующего лабораторией Время подписи: 27.12.2021 10:53
	 Подписано: Руководитель управления Время подписи: 27.12.2021 10:57
	 Подписано: Руководитель управления Время подписи: 27.12.2021 11:00
	 Подписано: Заместитель директора Время подписи: 27.12.2021 11:13
	 Подписано: Главный эксперт Время подписи: 27.12.2021 11:16
	 РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ "НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР ТЕСТИРОВАНИЯ" МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

	<p>Подписано: Директор ЕМЕЛБАЕВ РУСЛАН МIIWWgYJ...+VcSvy1g= Время подписи: 27.12.2021 18:13</p>
	<p> РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ "НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР ТЕСТИРОВАНИЯ" МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Подписано: Внештатный сотрудник БАЛАХАНОВА НАДИЯ МIIWmQYJ...t6y23UZ0= Время подписи: 27.12.2021 18:19</p>



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.